



**«Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы: ізденістер, мәселелері мен шешу жолдары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
Қазақстан, 2025 жыл**

**Құрметті Әріптестер!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Павлодар облысы білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығымен бірлесіп, **2025 жылғы 28 наурызда өтетін «Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы: ізденістер, мәселелері мен шешу жолдары» тақырыбындағы жыл сайынғы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.**

**Конференцияның мақсаты** – ауыл мектептерін дамыту мен білімдегі алшақтықты қысқарту, педагогтердің біліктіліктерін арттыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыруда халықаралық және отандық озық тәжірибелерді зерделеу, саралау және тарату

**Міндеттері:**

- ауылдық мектептердің білім сапасын арттыру мәселелерін талқылау мақсатында пікірталас алаңын құру;
- ауылдық аймақтағы білім беру ұйымдарында оқу процесін тиімді ұйымдастыруда инновациялық практикаларды жүзеге асыру тәжірибесімен бөлісу;
- цифрлық білім беру ортасының ауылдық мектептердегі білім сапасын арттыруға әсерін зерделеу.

**Конференцияға қатысуға** қазақстандық және шетелдік ғалымдар, білім беру ұйымдарының басшылары, облыстық, қалалық/аудандық әдістемелік орталықтар/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлері, еліміздегі өңірлердің мектептері мен шет елдер мектептерінің педагогтері шақырылады.

Конференцияны ұйымдастырушылар – **Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Павлодар облысы білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы**

**Конференцияға қатысу тегін**

**Конференция аясындағы іс-шаралар:**

- пленарлық отырыс;
- стратегиялық сессиялар (панельдік сессиялар);
- пікірталас алаңдары

**Конференцияның негізгі бағыттары:**

1. Білім сапасы: табысты менеджмент құралдары
2. Оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологиялары
3. Цифрлық трансформация: ауыл мектебінің перспективалары мен дамудың жаңа мүмкіндіктері
4. Қамқор мектеп: балалардың әл-ауқат индексі (сәтті тәжірибелер панорамасы)
5. Заманауи педагог және сын-қатерлер

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция **ZOOM** платформасында **online** форматта өтеді.

Конференцияны өткізу тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдері

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылардың мақалалар жинағын шығару жоспарланды. Бір қатысушы конференцияға бір ғана мақала ұсына алады. Бірлескен авторлардың мақалалары қабылданбайды.

Конференцияға қатысу үшін өтінімді толтырып, баяндаманың электронды нұсқасын **2025 жылдың 10 наурыздан** кешіктірмей **[bbdio@mail.ru](mailto:bbdio@mail.ru)** электронды поштасына жіберу қажет. Материалдарды қабылдауды Павлодар облысы білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы (*Павлодар қ., Олжабай батыр к-сі, 22а*) жүзеге асырады.

**Материалды рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Материалдар көлемі 7 беттен аспайтын электронды нұсқада ұсынылады: мәтіндік редактор MS WORD; форматы А4, негізгі шрифт – Times New Roman, кегль 14, жол аралығы – дара, ені бойынша, азат жол – 1,0 см, барлық өріс – 2 см.

Беттер нөмірленбейді.

Жоғары жақтан ортада – **мақаланың атауы тасымалдаусыз қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қалың, бас әріппен**; одан әрі бір жолдан кейін ортасында – **автордың аты-жөні мен тегі** (*бір баяндаманы екі автор ұсына алмайды*) **жазылады**, бір жолдан кейін – **ұйым, қала**, автордың e-mail, одан әрі бір жолдан кейін – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде **андатпалар** (аннотация) – 70 сөзден артық емес және **тірек сөздер** – 5-6 сөзден артық емес, бұдан әрі – мақала мәтіні беріледі.

Әдебиеттерге сілтемелер тік жақшаға [] қойылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті.

Тасымалдар қойылмайды.

Мақаланың иллюстрациясы ретінде 4-тен артық сурет қабылданбайды. Суреттер мақала мәтінде мазмұндау логикасына сәйкес орналастырылуы керек. Мақала мәтінде нақты суретке сілтеме берілуі қажет, мысалы: (2-сурет). Сызбалар штрих-толтыру арқылы немесе сұр реңкте орындалады; сызбаның барлық элементтері (мәтіндік блок, көрсеткілер, сызықтар) топтастырылуы тиіс. Әр суреттің реттік нөмірі, атауы және барлық қисықтары, сандары, әріптері мен басқа шартты белгілерінің түсіндірмесі болуы қажет. Суреттің электронды нұсқасы jpg, tiff форматында (Grayscale – сұр реңктер, 300 dpi кем емес) сақталуы тиіс. Суреттердің көлемі мақаланың ¼ көлемінен аспауы қажет.

Материал барлық талапқа сәйкес мұқият өңделуі керек.

Рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен (2025 жылдың 10 наурыз) кеш ұсынылған мақалалар конференция материалдарына енгізілмейді және авторына қайтарылмайды.

Материалдар авторлық редакцияда жарияланады және мақаланың мазмұнына автор жауапты болады.

**Байланыс ақпараты:** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, тел.: 8 (7172) 72-59-73

Павлодар облысының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы.

E-mail: [bbdio@mail.ru](mailto:bbdio@mail.ru), 8(7182)22-20-82, 65-44-90.

### Баяндаманы рәсімдеу үлгісі

**БАҒЫТТЫҢ АТАУЫ ( СЕКЦИЯ) (14 nm. )**

**Т.А.Ә. (14 nm.)**

Білім беру ұйымының атауы (14 nm.)

@e.mail

**Аңдатпа (70 сөзден артық емес)**

**Түйінді сөздер (5-6 сөз)**

**Мақаланың негізгі мәтіні (14 nm.)**

-----  
**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (14 nm)**

### Өтінімді рәсімдеу үлгісі (кесте түрінде)

Т.А.Ә. (толық аты-жөні)	Ел	Облыс, аудан	Жұмыс орны, лауазымы	Мақаланың тақырыбы	Бағыт (жинақ)	Байланыс телефон, e-mail